

ЖШС «ЖАС-ҚАНАТ»
МЕКТЕП-ИНТЕРНАТЫ

Шымкент қаласы,
Қаратау ауданы, Бозарық -2 м/а,
Жасалаш көш.,500/1



ТОО ШКОЛА-ИНТЕРНАТ
«ЖАС-ҚАНАТ»

город Шымкент,
Қаратау район, мкр. Бозарық-2,
улица Жасалаш, 500/1

Бұйрық № 24

«31» 08 2026г.

Шымкент қ.

«Оқушылардың тегін білім алуын қамтамасыз ету туралы»

Қазақстан Республикасының қолданыстағы білім беру саласындағы заңнамасына сәйкес, білім алушылардың білім алу құқықтарын қамтамасыз ету, мектепте оқу үшін ақы алынбайтыны туралы ата-аналарға (заңды өкілдерге) нақты ақпарат беру және білім беру процесін ұйымдастыру мақсатында

БҰЙРАМЫН:

1. «Жас Қанат» мектеп-интернатында» ЖШС-де 2026–2027 оқу жылында оқушыларға жалпы білім берудің негізгі оқу бағдарламалары бойынша оқу ақысыз негізде жүзеге асырылсын.
2. Білім алушылардан оқу процесіне қатысуы және негізгі оқу бағдарламаларын меңгеруі үшін оқу ақысы, сондай-ақ міндетті білім беру қызметтері үшін қосымша төлемдер алынбасын.
3. Мектеп әкімшілігі:
 - оқушылардың тегін білім алуына қажетті жағдайларды қамтамасыз етсін;
 - білім алушылар мен олардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне) мектепте оқу ақысыз екендігі туралы ақпаратты жеткізсін;
 - білім беру процесінің бекітілген оқу жоспары мен оқу бағдарламаларына сәйкес ұйымдастырылуын қамтамасыз етсін.
4. Сынып жетекшілері оқушылардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне) мектепте оқу ақысыз жүргізілетіні туралы ақпаратты жеткізсін.
5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары А.А.Байкожаеваға жүктелсін.
6. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Мектеп директоры:



Молдабаев К.М.